4. Өнімнің жауап беру үшін қоңырау саны параметрін автоматты түрде жауап беру машинасы үшін орнатылған қоңырау санынан кем дегенде бір қоңырауға артық етіп орнатыңыз. Пернетақтаны пайдаланып қоңыраулар санын енгізіп, **OK** түймесін басыңыз.
5. Артқа  түймесін басып **Fax Recv. (Факс қабылдауды реттеу)** тармағына оралыңыз.
6. **Answer Mode (Жауап беру режимі)** параметрін таңдаңыз.
7. **TAM** параметрін таңдаңыз да, **OK** түймесін басыңыз.

Бұл параметр көмегімен өнім жауап беруші машина қоңырауды қабылдағаннан кейін факс үндерін тыңдайды. Өнім факс үндері анықталса қоңырауға жауап береді.

Сенсорлы экранның басқару тақтасы

1. Өнімнің басқару тақтасындағы негізгі экранда Орнату  түймесін түртіңіз.
2. **Fax Setup (Факсты реттеу)** тармағын таңдаңыз да, **Basic Setup (Негізгі реттеу)** тармағын таңдаңыз.
3. **Rings to Answer (Жауап беретін қоңыраулар)** параметрін таңдаңыз.
4. Өнімнің жауап беру үшін қоңырау саны параметрін автоматты түрде жауап беру машинасы үшін орнатылған қоңырау санынан кем дегенде бір қоңырауға артық етіп орнатыңыз. Пернетақтаны пайдаланып қоңыраулар санын енгізіп, **OK** түймесін түртіңіз.
5. Артқа  түймесін басып **Basic Setup (Негізгі реттеу)** мәзіріне оралыңыз.


6. **Answer Mode (Жауап беру режимі)** параметрін таңдаңыз.
7. **TAM** параметрін таңдаңыз да, **OK** түймесін түртіңіз.

Бұл параметр көмегімен өнім жауап беруші машина қоңырауды қабылдағаннан кейін факс үндерін тыңдайды. Өнім факс үндері анықталса қоңырауға жауап береді.


Қосымша телефон үшін конфигурациялау

Егер өнімге қосымша телефонды жалғасаңыз, өнім осы конфигурациямен жұмыс істеуі үшін кейбір факс параметрлерін өзгерту қажет. Өнімді конфигурациялау үшін мына қадамдарды орындаңыз:


СКД басқару тақтасы

1. Өнімнің басқару тақтасындағы Орнату  түймесін басыңыз.
2. **Fax Setup (Факсты реттеу)** тармағын таңдап, **Fax Recv. (Факс қабылдауды реттеу)** параметрін таңдаңыз.
3. **Extension Phone (Қосымша телефон)** параметрін таңдаңыз.
4. **On (Қосулы)** параметрі таңдалғанын тексеріңіз.


Осы параметр қосылғанда, телефон пернетақтасында 1-2-3 сандарын кезекпен басып кіруші факс шақыруына жауап беру үшін өнімге сигнал бере аласыз. Нөмірді импульстік теруді пайдалансаңыз немесе 1-2-3 тізбегін пайдаланатын телефон компаниясының қызметін пайдалансаңыз ғана осы параметрді алып тастауға болады. Өнімге сәйкес болмаса телефон компаниясының қызметін пайдалану мүмкін емес.

5. Артқа  түймесін басып **Fax Recv. (Факс қабылдауды реттеу)** тармағына оралыңыз.
6. **Answer Mode (Жауап беру режимі)** параметрін таңдаңыз.
7. **Fax/Tel (Факс/телефон)** параметрін таңдаңыз да, **OK** түймесін басыңыз.

Өнім қоңырауларға автоматты түрде жауап береді және қоңыраудың дауыстық немесе факс қоңырауы екендігін анықтайды. Егер қоңырау факс қоңырауы болса, өнім қоңырауды кіріс факс ретінде өңдейді. Егер кіріс қоңыраудың дауыстық қоңырау екені анықталса, пайдаланушыға кіріс дауыстық қоңырау туралы білдіру үшін өнім естілетін синтезделген қоңырауды жасайды.

8. Артқа  түймесін басып **Fax Recv. (Факс қабылдауды реттеу)** тармағына оралыңыз.
9. **Fax/Tel Ring Time (Факс/тел қоңырау шалу уақыты)** параметрін таңдаңыз.
10. Өнім қанша секундтан кейін кіріс дауыстық қоңырау туралы хабарлау үшін факс/телефон естілетін қоңырауын шығаруды тоқтатуы керектігін таңдаңыз да, **OK** түймесін басыңыз.

Сенсорлы экранның басқару тақтасы

1. Өнімнің басқару тақтасындағы негізгі экранда Орнату  түймесін түртіңіз.
2. **Fax Setup (Факсты реттеу)** тармағын таңдаңыз да, **Advanced Setup (Кеңейтілген реттеу)** тармағын таңдаңыз.
3. **Extension Phone (Қосымша телефон)** параметрін таңдаңыз.

4. **On (Қосулы)** параметрі таңдалғанын тексеріңіз.

Осы параметр қосылғанда, телефон пернетақтасында 1-2-3 сандарын кезекпен басып кіруші факс шақыруына жауап беру үшін өнімге сигнал бере аласыз. Нөмірді импульстік теруді пайдалансаңыз немесе 1-2-3 тізбегін пайдаланатын телефон компаниясының қызметін пайдалансаңыз ғана осы параметрді алып тастауға болады. Өнімге сәйкес болмаса телефон компаниясының қызметін пайдалану мүмкін емес.

5. Артқа  түймесін басып **Fax Setup (Факсты реттеу)** мәзіріне оралыңыз.

6. **Basic Setup (Негізгі реттеу)** тармағын таңдаңыз да, **Answer Mode (Жауап беру режимі)** параметрін таңдаңыз.

7. **Fax/Tel (Уақыт/күн)** параметрін таңдаңыз.

Өнім қоңырауларға автоматты түрде жауап береді және қоңыраудың дауыстық немесе факс қоңырауы екендігін анықтайды. Егер қоңырау факс қоңырауы болса, өнім қоңырауды кіріс факс ретінде өңдейді. Егер кіріс қоңыраудың дауыстық қоңырау екені анықталса, пайдаланушыға кіріс дауыстық қоңырау туралы білдіру үшін өнім естілетін синтезделген қоңырауды жасайды.

8. Артқа  түймесін басып **Fax Setup (Факсты реттеу)** мәзіріне оралыңыз.


9. **Advanced Setup (Кеңейтілген реттеу)** тармағын таңдаңыз да, **Fax/Tel Ring Time (Факс/телефон қоңырауының уақыты)** параметрін таңдаңыз.

10. Өнім кіріс дауыстық қоңырау туралы сізге хабарлайтын факс/телефонның естілетін қоңырауын шығаруды қанша секундтан кейін тоқтатуы керек екенін таңдаңыз.

HP Fax бағдарламасын орнатыңыз (Windows, міндетті емес)


HP Fax бағдарламасының көмегімен, мына талаптар орындалса, компьютерден электрондық факс құжаттарын жібере аласыз:

- Өнім тікелей компьютерге немесе компьютер қосылған желіге жалғанған.
- Өнімнің бағдарламалық құралдары компьютерде орнатылған.
- Өнім компьютердің амалдық жүйесін қолдайды.

 **ЕСКЕРТПЕ:** өніммен бірге келген HP Fax бағдарламасы өніммен бірге жұмыс істейтін жалғыз компьютерлік факс бағдарламасы. Бұл өнім басқа өндірушілер шығарған факс бағдарламаларымен үйлесімді емес.


Егер HP Fax бағдарламасы компьютерде орнатылмаған болса, бағдарламаны келесі әдістердің біреуін пайдаланып орнатыңыз.

- **Бағдарламаның ықшам дискісі:** HP өнімімен бірге келген бағдарламаның ықшам дискісін компьютерге салыңыз да, экрандағы нұсқауларды орындаңыз.
- **Интернеттен жүктеу:** www.hp.com/support бетіне өтіңіз, **Drivers & Software (Драйверлер және бағдарлама)** тармағын басыңыз да, соңғы HP бағдарламасын жүктеу үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

 **ЕСКЕРТПЕ:** бағдарлама орнатушысы нұсқау бергенде **HP Fax Software (HP Fax факс бағдарламасы)** орнату керек бағдарлама құрамдастарының біреуі ретінде таңдалғанын тексеріңіз.

Факсті жіберу

- [Факсты өнімнің басқару тақтасында қолмен теру арқылы жіберу](#)
- [HP бағдарламалық құралын пайдаланып факс жіберу \(Windows\)](#)


 **ЕСКЕРТУ:** өнімнің зақымдалуын болдырмау үшін түзету таспалары, түзету сұйықтығы, қағаз қыстырғыштары немесе қапсырмалары бар түпнұсқаларды пайдаланбаңыз. Оған қоса, құжат бергішіне фотосуреттерді, шағын түпнұсқаларды немесе сынуға бейім түпнұсқаларды салмаңыз.

Факсты өнімнің басқару тақтасында қолмен теру арқылы жіберу


СКД басқару тақтасы

1. Құжатты салыңыз.


- Егер сканер шынысына түпнұсқаны салып жатсаңыз, оны сканер шынысына бетін төмен қаратып, сканер шынысының сол жақ артқы бұрышына қойыңыз.
- Егер құжат бергішке бірнеше бетті салып жатсаңыз, беттерді бетін жоғары қаратып салыңыз, содан кйеін қағазға тигенше қағаз бағыттағыштарын реттеңіз.

 **ЕСКЕРТПЕ:** егер құжаттар бір уақытта құжат бергіште де, сканер әйнегінде де болса, өнім сканер әйнегіндегі емес, құжат бергіштегі құжатты өңдейді.

2. Өнімнің басқару тақтасында пернетақтаны пайдаланып факс нөмірін енгізіңіз.

 **ЕСКЕРТПЕ:** кіру кодтарын, несие карталарын немесе телефон карталарын пайдалану үшін үзілістерді және теру кодтарын пайдалану үшін нөмірді қолмен теру керек. Факсті шетелдегі нөмірге жіберу үшін үзілістерді және халықаралық теру кодтарын ескеру үшін нөмірді қолмен теріңіз. Кіру кодтары, несие карталары, телефон карталары үшін немесе халықаралық қоңыраулар шалу үшін жылдам терулерді пайдалану мүмкін емес.


3. Start Fax (Факс жіберуді бастау) түймесін басыңыз. Өнім факс тапсырмасын орындауды бастайды.

 **ЕСКЕРТПЕ:** егер сканер шынысынан факс жіберіп жатсаңыз және құжатта бірнеше бет болса, растау және қосымша беттерді салу үшін басқару тақтасының нұсқауларын орындаңыз.

Сенсорлы экранның басқару тақтасы


1. Құжатты салыңыз.

- Егер сканер шынысына түпнұсқаны салып жатсаңыз, оны сканер шынысына бетін төмен қаратып, сканер шынысының сол жақ артқы бұрышына қойыңыз.
- Егер құжат бергішке бірнеше бетті салып жатсаңыз, беттерді бетін жоғары қаратып салыңыз, содан кйеін қағазға тигенше қағаз бағыттағыштарын реттеңіз.


 **ЕСКЕРТПЕ:** егер құжаттар бір уақытта құжат бергіште де, сканер әйнегінде де болса, өнім сканер әйнегіндегі емес, құжат бергіштегі құжатты өңдейді.

2. Өнімнің басқару тақтасындағы негізгі экранда **Fax (Факс)** түймесін түртіңіз.

3. Факс нөмірін енгізу үшін пернетақтаны пайдаланыңыз.

 **ЕСКЕРТПЕ:** кіру кодтарын, несие карталарын немесе телефон карталарын пайдалану үшін үзілістерді және теру кодтарын пайдалану үшін нөмірді қолмен теру керек. Факсті шетелдегі нөмірге жіберу үшін үзілістерді және халықаралық теру кодтарын ескеру үшін нөмірді қолмен теріңіз. Кіру кодтары, несие карталары, телефон карталары үшін немесе халықаралық қоңыраулар шалу үшін жылдам терулерді пайдалану мүмкін емес.


4. **Start Fax (Факс жіберуді бастай)** пәрменін таңдаңыз.

 **ЕСКЕРТПЕ:** егер сканер шынысынан факс жіберіп жатсаңыз және құжатта бірнеше бет болса, растау және қосымша беттерді салу үшін басқару тақтасының нұсқауларын орындаңыз.

HP бағдарламалық құралын пайдаланып факс жіберу (Windows)

1. Құжатты салыңыз.

- Егер сканер шынысына түпнұсқаны салып жатсаңыз, оны сканер шынысына бетін төмен қаратып, сканер шынысының сол жақ артқы бұрышына қойыңыз.
- Егер құжат бергішке бірнеше бетті салып жатсаңыз, беттерді бетін жоғары қаратып салыңыз, содан кейін қағазға тигенше қағаз бағыттағыштарын реттеңіз.

 **ЕСКЕРТПЕ:** егер құжаттар бір уақытта құжат бергіште де, сканер әйнегінде де болса, өнім сканер әйнегіндегі емес, құжат бергіштегі құжатты өңдейді.

2. **Start (Бастай)** түймесін басып, **Programs (Бағдарламалар)** (немесе Windows XP жүйесінде **All Programs (Барлық бағдарламалар)**) тармағын, содан кейін **HP** тармағын таңдаңыз.

3. Өнім атауын басып, содан кейін **HP Send fax (HP факс жіберу)** түймесін басыңыз. Факстың бағдарламалық құралы ашылады.

4. Бір немесе бірнеше қабылдаушының факс нөмірін енгізіңіз.

5. **Send Now (Қазір жіберу)** батырмасын басыңыз.


Жылдам теру жазбаларын жасу, өңдеу және жою

Жиі терілетін факс нөмірлерін (100 жазбаға дейін) жылдам теру жазбалары ретінде сақтауға болады.

- [Тез теру жазбаларын жасау және түзету](#)
- [Жылдам теру нөмірлерін жою](#)

Тез теру жазбаларын жасау және түзету

СКД басқару тақтасы


1. Өнімнің басқару тақтасындағы Setup (Орнату)  түймесін басыңыз.
2. **Fax Setup (Факсты реттеу)** пәрменін таңдаңыз да, **Phone Book (Телефон кітабы)** тармағын таңдаңыз.
3. **Add/Edit (Қосу/өңдеу)** пәрменін таңдаңыз.
4. Жаңа жазба үшін белгіленбеген нөмірді таңдаңыз да, **OK** түймесін басыңыз.
5. Жазбаға факс нөмірін енгізу үшін пернетақтаны пайдаланып, **OK** түймесін басыңыз.
6. Жазбаға ат енгізу үшін пернетақтаны пайдаланып, **OK** түймесін басыңыз.

Сенсорлы экранның басқару тақтасы

1. Өнімнің басқару тақтасындағы негізгі экранда **Fax (Факс)** түймесін басыңыз.
2. **Fax Menu (Факс мәзірі)** тармағын таңдаңыз да, **Phone Book Setup (Телефон кітабын реттеу)** пәрменін таңдаңыз.
3. **Individual Setup (Жеке реттеу)** параметрін таңдаңыз.
4. Тізімнен белгіленбеген нөмірді таңдаңыз.
5. Жазбаға ат енгізу үшін пернетақтаны пайдаланып, **OK** түймесін түртіңіз.
6. Жазбаға факс нөмірін енгізу үшін пернетақтаны пайдаланып, **OK** түймесін түртіңіз.

Жылдам теру нөмірлерін жою

СКД басқару тақтасы

1. Өнімнің басқару тақтасындағы Setup (Орнату)  түймесін басыңыз.
2. **Fax Setup (Факсты реттеу)** пәрменін таңдаңыз да, **Phone Book (Телефон кітабы)** тармағын таңдаңыз.
3. **Delete (Жою)** пәрменін таңдаңыз.
4. Жою керек жазбаны таңдаңыз да, **OK** түймесін басыңыз.



ЕСКЕРТПЕ: барлық жылдам теру жазбаларын жою керек болса, **Delete All (Барлығын жою)** пәрменін таңдаңыз.

Сенсорлы экранның басқару тақтасы

1. Өнімнің басқару тақтасындағы негізгі экранда **Fax (Факс)** түймесін басыңыз.
2. **Fax Menu (Факс мәзірі)** тармағын таңдаңыз да, **Phone Book Setup (Телефон кітабын реттеу)** пәрменін таңдаңыз.
3. **Delete Entry (Жазбаны жою)** пәрменін таңдаңыз.
4. Жою керек жазбаны таңдаңыз да, **OK** түймесін түртіңіз.



ЕСКЕРТПЕ: барлық жылдам теру жазбаларын жою керек болса, **Delete All Entries (Барлық жазбаларды жою)** пәрменін таңдаңыз.

7 Өнімді басқару

- [Өнімнің байланыс түрін өзгерту \(Windows\)](#)
- [HP веб-қызметтері қолданбаларын пайдалану \(тек сенсорлы экран модельдері\)](#)
- [HP құрылғысының құралдар жинағы](#)
- [Mac OS X жүйесіне арналған HP утилитасы](#)
- [Өнімнің қауіпсіздік мүмкіндіктері](#)
- [Үнемдеу параметрлері](#)
- [Өнімнің басқару тақтасында Cartridge is low \(Картридж деңгейі төмен\) немесе Cartridge is very low \(Картридж деңгейі өте төмен\) хабары көрсетіледі](#)
- [Тонер картриджін ауыстыру](#)

Өнім туралы HP барлығы қосылған анықтаманы алу үшін www.hp.com/support/ljMFPM125series, www.hp.com/support/ljMFPM126series, www.hp.com/support/ljMFPM127series немесе www.hp.com/support/ljMFPM128series мекенжайына өтіңіз:

- Мәселелерді шешу.
- Бағдарламалық құрал жаңартуларын жүктеу.
- Қолдау форумдарына қосылу.
- Кепілдік туралы және құқықтық ақпаратты табу.

Сондай-ақ, дүние жүзілік қолдау алу және басқа HP өнімдерін көру үшін www.hp.com/support бетіне өтуге болады.


Өнімнің байланыс түрін өзгерту (Windows)

Өнімді бұрыннан пайдаланып жатсаңыз және қазір оның байланысу жолын өзгерту керек болса, байланысты өзгерту үшін компьютердегі **Reconfigure your HP Device (HP құрылғысын қайта конфигурациялау)** таңбашасын пайдаланыңыз. Мысалы, өнімді басқа сымсыз мекенжайды пайдаланатын етіп қайта реттеуге, сымды не сымсыз желіге қосуға немесе желі байланысынан USB байланысына өзгертуге болады. Параметрлерді өнімнің ықшам дискісін салмастан өзгертуге болады. Орнату керек байланыс түрін таңдағаннан кейін, бағдарлама тікелей өнімнің өзгертілетін орнату процедурасы орналасқан бөлігіне өтеді.

HP веб-қызметтері қолданбаларын пайдалану (тек сенсорлы экран модельдері)

Өнім үшін тікелей Интернеттен жүктеп алуға болатын бірнеше жаңашыл бағдарлама бар. Қосымша ақпарат алу және осы қолданбаларды жүктеп алу үшін www.hpprintcenter.com мекенжайы бойынша HP Connected веб-сайтына өтіңіз.


Бұл мүмкіндікті пайдалану үшін, өнім Интернет байланысы бар компьютерге немесе желіге қосылған болуы керек. Өнімнің ішінде HP веб қызметтері қосулы болуы керек.

1. Өнімнің басқару тақтасындағы бастапқы экранда веб-қызметтер  түймесін басыңыз.
2. **Enable Web Services** (Веб-қызметтер қосу) түймесін түртіңіз.

HP Connected веб-сайтынан қолданбаны жүктеп алғаннан кейін, ол өнімнің басқару тақтасындағы [Apps \(Бағдарламалар\)](#) мәзіріне орналасады. Бұл процесс HP веб-қызметтері мен [Apps \(Бағдарламалар\)](#) мәзірінің екеуін де қосады.

HP құрылғысының құралдар жинағы

Windows жүйесіне арналған HP құрылғысының құралдар жинағын пайдаланып өнім күйін тексеруге не болмаса компьютерден өнімнің параметрлерін көруге немесе өзгертуге болады. Бұл құрал өнімнің HP енгізілген веб-серверін ашады.

 **ЕСКЕРТПЕ:** бұл құрал өнімді орнату кезінде толық орнату процедурасы орындалған жағдайда ғана қол жетімді болады. Өнімнің жалғануына байланысты кейбір мүмкіндіктер қол жетімді болмауы мүмкін.

1. **Start** (Бастау) түймесін басып, **Programs** (Бағдарламалар) тармағын таңдаңыз.
2. HP өнім топтамасын таңдап, **HP құрылғысының құралдар жинағы** элементін басыңыз.

Қойынды немесе бөлім	Сипаттама
Home (Негізгі) қойындысы Өнім, мәртебе және конфигурация жөніндегі ақпаратпен қамтамасыз етеді.	<ul style="list-style-type: none">• Device Status (Құрылғы күйі): өнімнің күйін көрсетеді және HP жабдықтарының күтілген қалған қызмет мерзімін көрсетеді.• Supplies Status (Жабдықтар күйі): HP жабдықтарының қалған күтілген жұмыс мерзімін көрсетеді. Картридждің қалған нақты жұмыс мерзімі әртүрлі болуы мүмкін. Баспа сапасы нашарлағанда, ауыстырылатын жабдықты дайындап қойған дұрыс. Баспа сапасы жарамсыз болып кетпесе, жабдықты ауыстырудың қажеті жоқ.• Device Configuration (Құрылғы конфигурациясы): өнімнің конфигурация бетінде табылған ақпаратты көрсетеді.• Network Summary (Желілік аңдатпа): өнімнің желілік конфигурация бетінде табылған ақпаратты көрсетеді.• Reports (Есептер): өнім шығаратын конфигурация және жабдық күйі беттерін басып шығарады.• Event log (Оқиғаларды тіркеу журналы): өнімнің барлық оқиғалары мен қателіктерінің тізімін көрсетеді.

Қойынды немесе бөлім	Сипаттама
<p>System (Жүйе) қойындысы</p> <p>Өнімді компьютеріңізден конфигурациялау мүмкіндігін береді.</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Device Information (Құрылғы туралы ақпарат): өнім және компания туралы негізгі ақпаратты береді. • Paper Setup (Қағаз орнату): өнім үшін әдепкі қағаз беру және жинау құрылғысының параметрлерін өзгертеді. • Print Quality (Басып шығару сапасы): өнім үшін әдепкі баспа сапасы параметрлерін өзгертеді. • EcoSMART Console (EcoSMART консолы): ұйқы режиміне немесе авто өшіру режиміне кіру үшін әдепкі уақыттарды өзгертеді. Өнімді оятатын оқиғаларды реттеңіз. • Paper Types (Қағаз түрлері): өнім қабылдайтын қағаз түрлеріне сәйкес келетін басып шығару режимдерін реттейді. • System Setup (Жүйе параметрі): өнімнің жүйелік стандартты параметрлерін өзгертеді. • Service (Қызмет): өнімнің тазалау қызметін орындайды. • Сақтау және қалпына келтіру: өнімнің ағымды параметрлерін компьютердегі файлға сақтау. Осы файлды ұқсас параметрлерді өзге құрылғыға жүктеу үшін немесе бұл параметрлерді өнімнің өзіне кешірек қайтару үшін пайдаланыңыз. • Administration (Басқару): өнім құпия сөзін орнатады немесе өзгертеді. Өнімнің мүмкіндіктерін қосыңыз не өшіріңіз. <p>ЕСКЕРТПЕ: System (Жүйе) қойындысы құпия сөзбен қорғалған болуы мүмкін. Егер бұл өнім желіде болса, осы қойындыдағы параметрлерді өзгертпес бұрын әрқашан жүйе әкімшісімен кеңесіңіз.</p>
<p>Print (Басып шығару) қойындысы</p> <p>Әдепкі басып шығару параметрлерін компьютеріңізден өзгерту мүмкіндігін береді.</p>	<p>Printing (Басып шығару): өнімнің нұсқалар саны мен қағаздың бағытталуы сияқты стандартты параметрлерін өзгерту. Бұл опциялар басқару тақтасынан қол жеткізуге болатын опциялармен бірдей.</p>
<p>Fax (Факс) қойындысы:</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Phone Book (Телефон кітапшасы): өнімнің телефон кітапшасындағы жазбаларды қосады, түзетеді немесе жояды. • Junk Fax List (Жарнамалық факстер тізімі): өнімге факс жіберу мүмкіндігін бұғаттау үшін факс нөмірлерін береді. • Fax Activity Log (Факс журналы): өнімнің соңғы факс әрекеттерін тексереді.
<p>Networking (Желіге қосылу) қойындысы</p> <p>Желілік параметрлерді компьютеріңізден өзгерту мүмкіндігін береді.</p>	<p>Желілік әкімшілер өнім IP негізделген желісіне қосылғанда оның желісіне қатысты параметрлерді бақылау үшін осы жиекбелгіні пайдаланады. Сондай-ақ, ол желі әкімшісіне сымсыз тікелей басып шығару мүмкіндігін орнатуға мүмкіндік береді. Бұл жиекбелгі өнім тікелей компьютерге жалғанғанда шығарылмайды.</p>
<p>HP Web Services (HP веб қызметтері) қойындысы</p>	<p>Қойындыны өніммен әртүрлі веб құралдарын орнату және пайдалану үшін пайдаланыңыз.</p>

Mac OS X жүйесіне арналған HP утилитасы


Mac OS X жүйесіне арналған HP утилитасын пайдаланып компьютерден өнімнің параметрлерін көруге немесе өзгертуге болады.

HP утилитасын өнім USB кабелімен жалғанғанда немесе TCP/IP негізінде істейтін желіге жалғанғанда пайдалануға болады.

HP утилитасын ашыңыз

Табу құралынан **Applications** (Бағдарламалар), **HP** тармағын таңдаңыз да, **HP Utility** (HP утилитасы) түймесін басыңыз.

Егер HP Utility (HP утилитасы) қамтылмаса, оны ашу үшін келесі процедураны пайдаланыңыз:

1. Компьютерде Apple  мәзірін ашып, **System Preferences** (Жүйе параметрлері) мәзірін таңдаңыз, одан кейін **Print & Fax** (Басып шығару және факс) белгішесін немесе **Print & Scan** (Басып шығару және сканерлеу) белгішесін басыңыз.
2. Терезенің сол жағындағы өнімді таңдаңыз.
3. **Options & Supplies** (Параметрлер және жабдықтар) түймесін басыңыз.
4. **Utility** (Утилита) қойындысын нұқыңыз.
5. **Open Printer Utility** (Принтер утилитасын ашу) түймесін басыңыз.

HP утилитасының функциялары

HP Utility (HP утилитасы) құралдар тақтасы әр беттің жоғарғы жағында тұрады. Оған кіретін элементтер:

- **Devices** (Құрылғылар): Экранның сол жағындағы **Printers** (Принтерлер) тақтасының HP Utility (HP утилитасы) арқылы табылған Mac өнімдерін көрсету не жасыру үшін осы түймені басыңыз.
- **All Settings** (Барлық параметр): HP Utility (HP утилитасы) негізгі бетіне оралу үшін осы түймені басыңыз.
- **HP Support (HP қолдауы)**: Браузерді ашу және өнімнің HP қолдау веб-сайтына кіру үшін осы түймені басыңыз.
- **Supplies** (Жабдықтар): HP SureSupply веб-сайтын ашу үшін осы түймені басыңыз.
- **Registration** (Тіркеу): HP тіркеу веб-сайтын ашу үшін осы түймені басыңыз.
- **Recycling** (Кәдеге жарату): HP Planet Partners Recycling Program (HP ғаламшар серіктестерінің кәдеге жарату бағдарламасы) веб-сайтын ашу үшін осы түймені басыңыз.

HP Utility (HP утилитасы) **All Settings** (Барлық параметр) тізімінен таңдау арқылы ашылатын беттерден тұрады. Келесі кестеде HP қызметтік бағдарламасының көмегімен орындауға болатын тапсырмалар түсіндіріледі.

Мәзір	Нөмірі	Сипаттама
Ақпарат және қолдау	Жабдықтар күйі	Өнім жабдықтарының күйін көрсетіп, жабдықтарға желіде тапсырыс беру сілтемелерімен қамтамасыз етеді.

Мәзір	Нөмірі	Сипаттама
	Құрылғы туралы ақпарат	Қазір таңдалған өнім туралы ақпаратты, оның ішінде өнімнің қызмет идентификаторын (белгіленсе), аппараттық құрал нұсқасын, сериялық нөмірін және IP мекенжайын көрсетеді.
	Файлды жүктеу	Файлдарды компьютерден өнімге жібереді. Төмендегі файл түрлерін жүктеп салуға болады: <ul style="list-style-type: none"> • HP LaserJet принтерінің командалық тілі (.PRN) • Тасымал құжат форматы (.PDF) • Мәтін (.TXT)
	HP Connected	HP Connected веб-сайтына кіреді.
Ақпарат	Хабар орталығы	Өнімде пайда болған қате оқиғаларын көрсетеді.
Принтер параметрлері	Автоматты түрде өшіру	Әрекетсіздік кезеңінен кейін өнім автоматты түрде өшеді. Минут санын реттеуге болады (сол уақыттан кейін өнім өшеді).
	Желі параметрлері	IPv4 параметрлері, IPv6 параметрлері, Bonjour параметрлері сияқты желілік параметрлерді және де басқа параметрлерді реттейді.
	Жабдықтарды басқару	Жабдықтардың жоспарланған қызмет мерзімі аяқталуға жақындаған кездегі өнімнің әрекет ету параметрлерін реттейді.
	Науалардың Конфигурациясы	Әр науадағы қағаз өлшемі мен түрін өзгертеді.
	Қосымша параметрлер	Өнімнің HP Embedded Web Server (HP енгізілген веб-сервері) функциясын ашады. ЕСКЕРТПЕ: USB қосылымдарына қолдау көрсетілмейді.
Факс параметрлері	Негізгі факс параметрлері	Факс бөліміндегі жолақтарды және өнімнің келген қоңырауларға жауап беруін реттейді.
	Керексіз факстарды бұғаттау	Бұғаттағыңыз келетін факс нөмірлерін сақтайды.
	Факсті қайта бағыттау	Өнімді келген факстарды басқа нөмірге жіберетін етіп қояды.
	Факс журналдары	Барлық факстың журналдарын көрсетеді.
	Факстағы жылдам терулер	Факс нөмірлерін жылдам теру тізіміне қосады.

Өнімнің қауіпсіздік мүмкіндіктері


Өнімнің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, желіңіздегі аса маңызды ақпаратты қорғауға және өнімді бақылау мен оған қызмет көрсету тәсілін жеңілдетуге көмектесетін қауіпсіздік стандарттар және ұсынылған протоколдар қолданылады.

HP қауіпсіздік кескін өңдеу және басып шығару шешімдері жөнінде толық ақпарат алу үшін www.hp.com/go/secureprinting торабына барыңыз. Бұл торап қауіпсіздік мүмкіндіктері жөніндегі ақ беттерге және жиі қойылатын сұрақтар құжаттарына сілтемелерді береді.

Өнім кілтсөзін орнату немесе өзгерту

HP енгізілген веб-серверін пайдаланып кілтсөзді орнатыңыз немесе желідегі өнімнің бұрыннан бар кілтсөзін өзгертіңіз.

СКД басқару тақтасы

1. Өнімнің IP мекенжайын табыңыз.
 - a. Өнімнің басқару тақтасындағы Орнату  түймесін басыңыз.
 - ә. Келесі мәзірлерді ашыңыз:
 - **Network Setup (Желіні орнату)**
 - **IP мекенжайын көрсету**
2. HP енгізілген веб-серверін ашу үшін, веб-браузердің мекенжай жолына өнімнің IP мекенжайын енгізіңіз.



ЕСКЕРТПЕ: HP енгізілген веб-серверіне Windows жүйесіне арналған HP құрылғының құралдар жинағынан немесе Mac OS X жүйесіне арналған HP утилитасынан өтуге де болады.


3. **System (Жүйе)** қойындысын басыңыз да, **Product Security (Өнім қауіпсіздігі)** сілтемесін басыңыз.



ЕСКЕРТПЕ: Егер құпия сөз алдын ала орнатылған болса, құпия сөзді теру ұсынылады. Құпия сөзді енгізіп, **Apply (Қолдану)** түймесін басыңыз.

4. Жаңа құпия сөзді **New Password (Жаңа құпия сөз)** және **Verify Password (Құпия сөзді тексеру)** өрістерінде енгізіңіз.
5. Құпия сөзді сақтау үшін терезенің төменгі жағындағы **Apply (Қолдану)** түймесін басыңыз.


Сенсорлы экранның басқару тақтасы

1. Өнімнің басқару тақтасындағы негізгі экранда Network (Желі)  түймесін басып өнімнің IP мекенжайын табыңыз.
2. HP енгізілген веб-серверін ашу үшін, веб-браузердің мекенжай жолына өнімнің IP мекенжайын енгізіңіз.



ЕСКЕРТПЕ: HP енгізілген веб-серверіне Windows жүйесіне арналған HP құрылғының құралдар жинағынан немесе Mac OS X жүйесіне арналған HP утилитасынан өтуге де болады.


3. **System (Жүйе)** қойындысын басыңыз да, **Product Security (Өнім қауіпсіздігі)** сілтемесін басыңыз.

 **ЕСКЕРТПЕ:** Егер құпия сөз алдын ала орнатылған болса, құпия сөзді теру ұсынылады. Құпия сөзді енгізіп, **Apply (Қолдану)** түймесін басыңыз.

4. Жаңа құпия сөзді **New Password (Жаңа құпия сөз)** және **Verify Password (Құпия сөзді тексеру)** өрістерінде енгізіңіз.
5. Құпия сөзді сақтау үшін терезенің төменгі жағындағы **Apply (Қолдану)** түймесін басыңыз.

Өнімді құлыптау

1. Қауіпсіздік кабелін өнімнің артқы жағындағы ұяға тағуға болады.



Үнемдеу параметрлері

- [EconoMode режимімен басып шығару](#)
- [Орнатқаннан кейін ұйқы/авто өшіруді конфигурациялау](#)

EconoMode режимімен басып шығару

Бұл өнімде құжаттардың жобаларын басуға арналған EconoMode мүмкіндігі бар. EconoMode режимін пайдалану тонерді азырақ қолдануы мүмкін. Алайда, EconoMode баспа сапасын да төмендетеді.

HP компаниясы EconoMode режимін үнемі пайдалануды ұсынбайды. EconoMode режимі үнемі пайдаланған жағдайда, тонер картриджіндегі механикалық бөліктер тонер жабдығынан ерте тозуы мүмкін. Баспа сапасы төмендей бастап, қанағаттанарлық болмаса, тонер картриджін ауыстырған жөн.



ЕСКЕРТПЕ: Бұл мүмкіндік принтер драйверінде болмаса, оны HP ендірілген веб-серверін пайдаланып орната аласыз.

1. Бағдарламалық құралда **Print (Басып шығару)** опциясын таңдаңыз.
2. Өнімді таңдап, **Properties** (Сипаттар) немесе **Preferences** (Басымдықтар) түймесін басыңыз.
3. **Paper/Quality** (Қағаз/Сапа) жиекбелгісін таңдаңыз.
4. **EconoMode** құсбелгі көзін белгілеңіз.

Орнатқаннан кейін ұйқы/авто өшіруді конфигурациялау

СКД басқару тақтасы

1. Өнімнің басқару тақтасындағы орнату түймесін басыңыз.
2. Келесі мәзірлерді ашыңыз:
 - **Жүйе параметрі.**
 - **Қуат параметрлері**
 - **Ұйықтау/автоматты өшу:**
3. Ұйқы/авто өшіру кідірісіне арналған уақытты таңдау үшін көрсеткі пернелерді пайдаланып, **OK** түймесін басыңыз.




ЕСКЕРТПЕ: Әдепкі мән — **15 Minutes** (15 минут).

4. Өнім тапсырмалар қабылдағанда немесе өнімнің басқару тақтасындағы кез келген түймені басқанда, ол автоматты түрде қосылады. Өнімді оятатын оқиғаларды өзгертуге болады. Келесі мәзірлерді ашыңыз:
 - **Жүйе параметрі.**
 - **Қуат параметрлері**
 - **Ояту/автоматты қосу жағдайлары**

Ояну оқиғасын өшіру үшін оқиғаны таңдап, **Жоқ** параметрін таңдаңыз.

Сенсорлы экранның басқару тақтасы

1. Өнімнің басқару тақтасындағы негізгі экранда орнату  түймесін басыңыз.
2. Келесі мәзірлерді ашыңыз:
 - Жүйе параметрі.
 - Қуат параметрлері
 - Ұйықтау/автоматты өшу:
3. Ұйқы/авто өшіру кідірісінен кейін уақытты таңдаңыз.



ЕСКЕРТПЕ: Әдепкі мән — 15 Minutes (15 минут).

4. Өнім тапсырмалар қабылдағанда немесе өнімнің басқару тақтасындағы экранды түрткенде, ол автоматты түрде қосылады. Өнімді оятатын оқиғаларды өзгертуге болады. Келесі мәзірлерді ашыңыз:
 - Жүйе параметрі.
 - Қуат параметрлері
 - Ояту/автоматты қосу жағдайлары
- Ояну оқиғасын өшіру үшін оқиғаны таңдап, **Жоқ** параметрін таңдаңыз.

Өнімнің басқару тақтасында Cartridge is low (Картридж деңгейі төмен) немесе Cartridge is very low (Картридж деңгейі өте төмен) хабары көрсетіледі

Өнімнің басқару тақтасында **Cartridge is low (Картридж деңгейі төмен)** немесе **Cartridge is very low (Картридж деңгейі өте төмен)** хабары көрсетіледі, өнім басып шығармайды.



ЕСКЕРТПЕ: Тонер деңгейі туралы ескертулер және көрсеткіштер тек жоспарлау мақсаттарындағы болжамдарды береді. Көрсеткіш төмен тонер деңгейін көрсетсе, ықтимал басып шығару кідірістері болмауы үшін ауыстыру картриджін сатып алыңыз. Басып шығару сапасы нашар болғанша картридждерді ауыстыру қажет емес.


HP тонер картриджі «өте төмен» деңгейге жеткенде, HP компаниясының тонер картрижіне арналған басты қорғау кепілдігінің мерзімі аяқталады.

Жабдықтар Very Low (Өте төмен) деңгейге жеткенде өнім орындайтын әрекеттерді өзгертуге болады. Осы параметрлерді жаңа тонер картриджін орнатқанда қайта орнатудың қажеті жоқ.


Өте төмен параметрлерін қосу немесе ажырату

Әдепкі параметрлерді кез келген уақытта қосуға немесе өшіруге болады, сондай-ақ жаңа тонер картриджін салғанда оларды қайта қосу қажет емес.

СКД басқару тақтасы

1. Өнімнің басқару тақтасындағы Орнату  түймесін басыңыз.
2. Келесі мәзірлерді ашыңыз:
 - **Жүйе параметрі**
 - **Жабдық параметрлері**
 - **Қара сиялы картридж**
 - **Өте төмен параметрі**
3. Төмендегі опциялардың біреуін таңдап, **OK** түймесін басыңыз:
 - Өнімді тонер картриджін ауыстырғанша басып шығаруды тоқтататын етіп орнату үшін **Stop (Тоқтату)** параметрін таңдаңыз.
 - Өнімді тонер картриджін ауыстырғанша басып шығаруды тоқтататын және баспа картриджін ауыстыруға кеңес беретін етіп орнату үшін **Prompt (Кеңес беру)** параметрін таңдаңыз. Ұсынысты қабылдап, басып шығаруды жалғастыруға болады.
 - Өнімді тонер картриджі өте төмен деңгейде екенін ескертетін, бірақ басып шығаруды жалғастыратын етіп орнату үшін **Continue (Жалғастыру)** параметрін таңдаңыз.

Сенсорлы экранның басқару тақтасы

1. Өнімнің басқару тақтасындағы егізгі экранда Орнату  түймесін басыңыз.
2. Келесі мәзірлерді ашыңыз:

- Жүйе параметрі
- Жабдық параметрлері
- Қара сиялы картридж
- Өте төмен параметрі

3. Келесі берілген опциялардың бірін таңдаңыз:

- Өнімді тонер картриджін ауыстырғанша басып шығаруды тоқтататын етіп орнату үшін **Stop (Тоқтату)** параметрін таңдаңыз.
- Өнімді тонер картриджін ауыстырғанша басып шығаруды тоқтататын және баспа картриджін ауыстыруға кеңес беретін етіп орнату үшін **Prompt (Кеңес беру)** параметрін таңдаңыз. Ұсынысты қабылдап, басып шығаруды жалғастыруға болады.
- Өнімді тонер картриджі өте төмен деңгейде екенін ескертетін, бірақ басып шығаруды жалғастыратын етіп орнату үшін **Continue (Жалғастыру)** параметрін таңдаңыз.

Факс бар үлгілерде өнім **Stop (Тоқтату)** параметріне орнатылғанда, тоқтаған уақытта алынған факстар жадқа сыймаса, жаңа картридж орнатылғанда факстардың басылып шықпау қаупі бар.

Факс бар үлгілерде өнім **Prompt (Кеңес беру)** параметріне орнатылғанда, өнім кеңестің расталуын күтіп жатақнда тоқтап тұрған уақытта алынған факстар жадқа сыймаса, жаңа картридж орнатылғанда факстардың басылып шықпау қаупі бар.

HP тонер картриджі **Өте төмен** деңгейге жеткенде, HP компаниясының тонер картрижіне арналған басты қорғау кепілдігінің мерзімі аяқталады. HP тонер картриджі өте төмен режимде **Continue (Жалғастыру)** күйінде қолданылғанда, орын алған баспа және картридж ақауларының барлығы HP компаниясының баспа картридждерінің кепілдігі бойынша жабдықтағы бөлшектердің немесе жасалуының ақауы болып танылмайды.

Тонер картриджін ауыстыру

Тонер картриджі пайдалану мерзімінің соңына жеткенде, сізге алмастыратын картриджге тапсырыс беруге нұсқау беріледі. Тонерді қайта үлестіру рұқсат етілетін баспа сапасына сәйкес келмейінше, басып шығаруды ағымдағы картриджбен жалғастыруыңызға болады.


1. Сканер жинағын көтеріңіз.




2. Жоғарғы қақпағын ашыңыз.



3. Тонер картриджін алып тастаңыз.




4. Жаңа тонер картриджін қалтасынан шығарыңыз. Ескі тонер картриджін өңдеу үшін қалтаға салыңыз.




5. Тонер картриджінің екі жағынан ұстап, оны сілкілеу арқылы тонерді біркелкі жайыңыз.


ЕСКЕРТУ: Қақпаққа немесе біліктің бетіне тиіспеңіз.



6. Жапсырма босағанша, картридждің сол жағындағы жапсырманы бұраңыз. Картриджден барлық таспаны алмай тұрып, жапсырманы тартыңыз. Өңдеуге қайтару үшін тонер картриджінің қорабына құлақшасы мен таспасын салыңыз.



7. Тонер картриджін өнімнің ішіндегі іздермен туралап, тонер картриджін орнына толық түсіріп салыңыз.



8. Жоғарғы қақпағын жабыңыз.



9. Сканер жинағын түсіріңіз.



8 Проблемаларды шешу

- [Басқару тақтасының анықтама жүйесі \(тек сенсорлы экран бар үлгілер\)](#)
- [Басқару тақтасындағы шам үлгілерін түсіндіру \(тек ЖД модельдерінде\)](#)
- [Ақпараттық беттерді басып шығару](#)
- [Зауытта орнатылған әдепкі параметрлерді бастапқы қалпына келтіру](#)
- [Қағазды беру немесе кептелу мәселелерін шешу](#)
- [Кіріс науасынан кептелістерді тазалау](#)
- [Тонер картриджінің аймағындағы кептелісті жою](#)
- [Шығыс қалтасындағы кептелістерді жою](#)
- [Құжат бергіштегі кептелген қағазды алу](#)
- [Баспа сапасын жақсарту](#)
- [Көшіру және сканерлеу сапасы](#)
- [Факс сапасын жақсарту](#)
- [Сымсыз желі мәселелерін шешу](#)
- [Сымсыз желі ақауларын жою](#)
- [Факс мәселелерін шешіңіз](#)

Өнім туралы HP барлығы қосылған анықтаманы алу үшін www.hp.com/support/ljMFPM125series, www.hp.com/support/ljMFPM126series, www.hp.com/support/ljMFPM127series немесе www.hp.com/support/ljMFPM128series мекенжайына өтіңіз:

- Мәселелерді шешу.
- Бағдарламалық құрал жаңартуларын жүктеу.
- Қолдау форумдарына қосылу.
- Кепілдік туралы және құқықтық ақпаратты табу.

Сондай-ақ, дүние жүзілік қолдау алу және басқа HP өнімдерін көру үшін www.hp.com/support бетіне өтуге болады.

Басқару тақтасының анықтама жүйесі (тек сенсорлы экран бар үлгілер)

Құрылғының ішіне әр экранды пайдалану жолын түсіндіретін «Анықтама» жүйесі орнатылған. Анықтама жүйесін ашу үшін экранның жоғарғы оң жақ бұрышындағы анықтама ? түймесін түртіңіз.

Кейбір экрандарда «Анықтама» жүйесі жалпы мәзірден ашылып, белгілі бір тақырыптарды іздеуге мүмкіндік береді. Мәзірдегі түймелерді түртіп, мәзір құрылымының ішін шарлауға болады.

Кейбір Анықтама экрандарында кептелістерді жою сияқты процедураларды орындауға көмектесетін анимациялық көріністер бар.




Жеке тапсырмалар опцияларын қамтитын экрандар үшін «Анықтама» жүйесі сол экрандардың опцияларын түсіндіретін тақырыпты ашады.

Өнім қате немесе ескерту туралы хабар берсе, ақауды түсіндіретін хабарды ашу үшін анықтама ? түймесін түртіңіз. Сондай-ақ, хабарда осы ақауды жою нұсқаулары берілген.




Басқару тақтасындағы шам үлгілерін түсіндіру (тек ЖД модельдерінде)

Өнім бұзылғанда, басқару тақтасының дисплейінде қате коды пайда болады.




Кесте 8-1 Жағдай жарығының түсіндірмесі

	«жарық өшіп тұр» белгісі
	«жарық жанып тұр» белгісі
	«жарық жыпылықтап тұр» белгісі



Кесте 8-2 Басқару тақтасындағы шамның үлгілері

Шам күйі	Қате коды	Өнімнің статусы	Әрекет
Барлық шамдар өшіп тұр. 		Өнім өшіп тұр немесе төмен электр қуаты режимінде тұр.	Өнімді қосу үшін қуат түймесін басыңыз.
Дайын екенін көрсету және назар аудару шамдары жыпылықтайды. 		Пішімдеушінің басталу кезеңінде немесе өнім бетті тазалауды өңдеу кезінде статус шамдары қайталаңады.	Ешқандай әрекет қажет емес. Басталу кезеңінің аяқталуын күтіңіз. Басталу кезеңі аяқталғанда, өнім дайын күйіне кіруі керек.
Дайын екенін көрсету шамы жанып тұр. 		Өнім «дайын» күйінде тұр.	Ешқандай әрекет қажет емес. Өнім басып шығару тапсырмасын қабылдауға дайын.

Кесте 8-2 Басқару тақтасындағы шамның үлгілері (жалғасы)

Шам күйі	Қате коды	Өнімнің статусы	Әрекет
<p>Дайын екенін көрсету шамы жыпылықтап тұр.</p> 		Өнім деректерді қабылдап жатыр немесе өңделіп жатыр.	Ешқандай әрекет қажет емес. Өнім басып шығару тапсырмасын қабылдап жатыр немесе өңделіп жатыр.
<p>Назар аудару шамы жыпылықтап тұр.</p> 	E0	Өнім ішінде қағаз кептеліп қалды.	Кептелген қағазды шығарып алыңыз.
	E1	Кіріс науасы бос.	Науаны толтырыңыз.
	E2	Есік ашық.	Баспа картриджі есігінің толық жабылғанына көз жеткізіңіз.
	E4	Тонер картриджіндегі тонер деңгейі төмен.	Жалғастыру үшін көшіруді бастау түймесін басыңыз немесе тонер картриджін алмастырыңыз.
	E5	Тонер картриджіндегі тонер деңгейі төмен.	Тонер картридждерін алмастырыңыз.
	H0	Өнім қолмен беру режимінде тұр.	Кіріс науасына қағаздың дұрыс түрі мен өлшемін салыңыз. Жалғастыру үшін көшіруді бастау түймесін басыңыз.
<p>Назар аудару және тонер шамдары жыпылықтап тұр.</p> 	H1	Өнім қолмен дуплекстеу жұмысын өңдеп жатыр.	Екінші жақтарын басып шығару үшін кіріс науасына парақтарды салыңыз. Жалғастыру үшін көшіруді бастау түймесін басыңыз.
	E3	Баспа картриджі жоқ немесе дұрыс орнатылмаған.	Баспа картриджін орнатыңыз.

Кесте 8-2 Басқару тақтасындағы шамның үлгілері (жалғасы)

Шам күйі	Қате коды	Өнімнің статусы	Әрекет
Тонер шамы жанып тұр. 		Баспа картриджінің күтілген жұмыс мерзімі аяқталды. Жабдық осындай күйге жеткенде оған арналған HP қорғау кепілдігі аяқталады.	Баспаның сапасы төмен болмайынша, баспа картриджін ауыстырудың қажеті жоқ.
Назар аудару және дайын екенін көрсету шамдары қосылып тұр. 	E6 E7 E8 E9	Өнім қалпына келмейтін күрделі қатеге тап болған.	<ol style="list-style-type: none"> 1. Өнімді өшіріңіз немесе қуат сымын өнімнен ажыратыңыз. 2. 30 секунд күтіп, өнімді қосыңыз немесе қуат сымын өнімге қайта жалғаңыз. 3. Өнімнің қосылуын күтіңіз. <p>Егер қате түзелмесе, HP тұтынушыларды қолдау орталығына хабарласыңыз.</p>

Ақпараттық беттерді басып шығару

Ақпараттық беттер өнім жады құрамында болады. Бұл беттер өнімді диагностикадан өткізуге көмектесіп, ақаулықтарды түзетуге мүмкіндік береді.


Конфигурация беті

Конфигурация бетінде өнімнің ағымдағы параметрлері мен сипаттары берілген. Сондай-ақ, онда статус журналы туралы есеп қамтылған. Конфигурация бетін басып шығару үшін мына әрекеттерді орындаңыз:


ЖД басқару тақтасы

1. Өнімнің басқару тақтасындағы бас тарту түймесін 10 секунд бойы басып тұрыңыз.
2. Бас тарту түймесін босатыңыз.

СКД басқару тақтасы

1. Өнімнің басқару тақтасындағы реттеу  түймесін басыңыз.
2. **Reports** (Есептер) мәзірін ашыңыз.
3. Есепті басып шығаруды бастау үшін, **Config Report** (Конфигурация есебі) параметрін таңдап, **OK** түймесін басыңыз.

Сенсорлы экранның басқару тақтасы

1. Өнімнің басқару тақтасындағы «Негізгі» экранда Setup (Параметрлерді орнату)  түймесін басыңыз.
2. **Reports** (Есептер) мәзірін түртіңіз.
3. **Configuration Report** (Конфигурация туралы есеп) түймесін түртіңіз.


Жабдықтар күйінің беті

ЖД басқару тақтасы


1. Өнімнің басқару тақтасындағы бас тарту түймесін 10 секунд бойы басып тұрыңыз.
2. Бас тарту түймесін босатыңыз.

Жабдықтардың күйі беті конфигурация беті басып шығарылғаннан кейін басып шығарылады.

СКД басқару тақтасы

1. Өнімнің басқару тақтасындағы Setup (Орнату)  түймесін басыңыз.
2. Келесі мәзірлерді ашыңыз:
 - **Есептер**
 - **Supplies status**
3. Көрсеткі пернелерді пайдаланып **Print Supplies status page** (Жабдықтардың күйі бетін басып шығару) пәрменін таңдаңыз да, **OK** түймесін басыңыз.

Сенсорлы экранның басқару тақтасы


1. Өнімнің басқару тақтасындағы негізгі экранда Supplies (Жабдықтар)  түймесін басыңыз.
2. Жабдықтар күйі бетін басып шығару үшін [Report \(Ecen\)](#) түймесін түртіңіз.

Зауытта орнатылған әдепкі параметрлерді бастапқы қалпына келтіру

Зауытта орнатылған стандартты параметрлерді қалпына келтіру өнім және желі параметрлерінің барлығын зауыттағы стандартты параметрлерге қайтарады. Ол бет санағын, науа өлшемін немесе тілді қайта қоспайды. Өнімнің зауыттық параметрлерін қайтару үшін осы қадамдарды орындаңыз.


⚠ ЕСКЕРТУ: Зауытта орнатылған стандартты параметрлерді қалпына келтіру параметрлердің барлығын зауыттағы стандартты параметрлерге қайтарады, сондай-ақ, ол жадта бар барлық беттерді жояды.

СКД басқару тақтасы

1. Өнімнің басқару тақтасындағы реттеу  түймесін басыңыз.
2. **Service** (Қызмет) мәзірін ашыңыз.
3. **Restore Defaults** (Әдепкілерін қалпына келтіру) опциясын таңдаңыз, одан кейін **OK** түймесін басыңыз.

Өнім автоматты түрде қайта іске қосады.

Сенсорлы экранның басқару тақтасы

1. Өнімнің басқару тақтасындағы негізгі экранда реттеу  түймесін түртіңіз.
2. **Service** (Қызмет) мәзірін басыңыз.
3. **Restore Defaults** (Әдепкілерін қалпына келтіру) опциясын таңдаңыз, одан кейін **OK** түймесін басыңыз.

Өнім автоматты түрде қайта іске қосады.

Қағазды беру немесе кептелу мәселелерін шешу

Өнімде қағазды беру немесе кептелу қайталанатын мәселелері болса, қайталанулар санын азайту үшін келесі ақпаратты пайдаланыңыз.

Өнім қағазды тартып алмайды

Егер өнім науадан қағазды тартып алмаса, осы шешімдерді орындаңыз.

1. Өнімді ашып, кептелген парақтарды шығарып алыңыз.
2. Тапсырма үшін науаға дұрыс қағаз өлшемін салыңыз.
3. Құралдың басқару тақтасында қағаз өлшемі мен түрінің дұрыс орнатылғанын тексеріңіз.
4. Науадағы қағаз бағыттағыштары қағаздың өлшеміне қарай дұрыс реттелгенін тексеріңіз. Бағыттауыштарды науадағы тиісті ойықтарына келтіріңіз.
5. Қағазды қолмен беру сұрауын растау үшін, өнімнің күтіп тұрғанын қарау мақсатында, өнімнің басқару панелін тексеріңіз. Қағаз салып, жалғастырыңыз.
6. Тартып алу ролигі және бөлу төсемесі ласталған болуы мүмкін.

Өнім бірнеше қағаз парақтарын тартып алады

Егер өнім бірнеше қағаз парақтарын науадан тартып алса, осы шешімдерді орындаңыз.

1. Науадан қағаздар жинағын жойыңыз және оны бүгіп, 180 градусқа бұрып, аударыңыз. *Қағазды желпімеу керек.* Науадағы қағаздар жинағын қайтып салыңыз.
2. Осы өнім үшін HP қағаз ерекшеліктеріне сай келетін қағазды ғана пайдаланыңыз.
3. Мыжылмаған, бүгілмеген немесе бүлінбеген қағазды пайдаланыңыз. Егер қажет болса, басқа бумадағы қағазды пайдаланыңыз.
4. Науаның шамадан тыс толтырылмағанын тексеріңіз. Егер солай болса, науадан қағаздар жинағын шығарыңыз, жинақты тікейтіп, науаға кейбір қағаздарды қайта салыңыз.
5. Науадағы қағаз бағыттағыштары қағаздың өлшеміне қарай дұрыс реттелгенін тексеріңіз. Бағыттауыштарды науадағы тиісті ойықтарына келтіріңіз.
6. Басып шығару ортасының ұсынылған спецификацияларда болуын тексеріңіз.

Жиі немесе қайталанатын қағаз кептелістері


Жиі қағаз кептелістері мәселелерін шешу үшін мына қадамдарды орындаңыз. Егер бірінші қадам мәселені шешпесе, мәселе шешілгенше келесі қадамды жалғастырыңыз.

1. Өнімде қағаз кептеліп қалса, кептелісті кетіріңіз де, өнімді тексеру үшін конфигурациялық бетті басып шығарыңыз.
2. Басқару тақтасында науа дұрыс қағаз өлшеміне және түріне конфигурациялаңыз. Қажет болса, қағаз параметрлерін реттеңіз.
3. Өнімді өшіріп, 30 секунд күтіңіз де, қайтадан қосыңыз.
4. Өнімнің ішінен артық тонерді кетіру үшін тазалау бетін басып шығарыңыз.

ЖД басқару тақтасы


- а. **Start** (Бастау) түймесін басып, **Programs** (Бағдарламалар) тармағын таңдаңыз.
- ә. HP өнім топтамасын таңдап, **HP құрылғысының құралдар жинағы** элементін басыңыз.
- б. **Systems** (Жүйелер) қойындысында **Service** (Қызмет) параметрін таңдаңыз.

СКД басқару тақтасы

- а. Өнімнің басқару тақтасында Setup (Орнату)  түймесін басыңыз.
- ә. **Service** (Қызмет) мәзірін ашыңыз.
- б. Көрсеткі пернелерді пайдаланып **Cleaning mode (Тазалау режимі)** параметрін таңдаңыз да, **OK** түймесін басыңыз.

Өнім парақтың бірінші жағын басып, парақты шығыс науасынан шығаруды және 1-науаға сол бағытта салуды сұрайды. Процесс аяқталғанша күтіңіз. Басып шығарылатын бетті тастаңыз.

Сенсорлы экранның басқару тақтасы

- а. Өнімнің басқару тақтасындағы «Негізгі» экранда Setup (Параметрлерді орнату)  түймесін басыңыз.
- ә. **Қызмет** мәзірін түртіңіз.
- б. **Cleaning Page (Тазалау беті)** түймесін басыңыз.
- в. Сізге сұрау салғанда, хат немесе А4 пішімді қағазын салыңыз.
- г. Тазалау процесін бастау үшін **OK** түймесін түртіңіз.


Өнім парақтың бірінші жағын басып, парақты шығыс науасынан шығаруды және 1-науаға сол бағытта салуды сұрайды. Процесс аяқталғанша күтіңіз. Басып шығарылатын бетті тастаңыз.

5. Өнімді тексеру үшін конфигурациялық бетті басып шығарыңыз.


ЖД басқару тақтасы

- а. Дайын екенін көрсету шамы жыпылықтай бастағанша, бас тарту түймесін басып тұрыңыз.
- ә. Бас тарту түймесін босатыңыз.

СКД басқару тақтасы

- а. Өнімнің басқару тақтасындағы «Негізгі» экранда Setup (Параметрлерді орнату)  түймесін басыңыз.
- ә. **Reports** (Есептер) мәзірін түртіңіз.
- б. **Configuration Report (Конфигурация туралы есеп)** түймесін түртіңіз.

Сенсорлы экранның басқару тақтасы

- а.** Өнімнің басқару тақтасындағы «Негізгі» экранда Setup (Параметрлерді орнату)  түймесін басыңыз.
- ә.** Reports (Есептер) мәзірін түртіңіз.
- б.** Configuration Report (Конфигурация туралы есеп) түймесін түртіңіз.

Осы қадамдардың ешқайсысы мәселені шешпесе, өнімге қызмет көрсету керек болуы мүмкін. HP тұтынушыларды қолдау орталығына хабарласыңыз.

Қағаз кептелістерін болдырмау

Қағаз кептелістерінің санын азайту үшін, осы шешімдерді орындаңыз.

- 1.** Осы өнім үшін HP қағаз ерекшеліктеріне сай келетін қағазды ғана пайдаланыңыз.
- 2.** Мыжылмаған, бүгілмеген немесе бүлінбеген қағазды пайдаланыңыз. Егер қажет болса, басқа бумадағы қағазды пайдаланыңыз.
- 3.** Бұрын басылып шығарылған немесе көшірілген қағазды қайта қолданбаңыз.
- 4.** Науаның шамадан тыс толтырылмағанын тексеріңіз. Егер солай болса, науадан қағаздар жинағын шығарыңыз, жинақты тікейтіп, науаға кейбір қағаздарды қайта салыңыз.
- 5.** Науадағы қағаз бағыттағыштары қағаздың өлшеміне қарай дұрыс реттелгенін тексеріңіз. Бағыттағыштарды қағаз жинағын майыстырмай, оларға тиіп тұратындай реттеңіз.
- 6.** Науа өнімге толық салынғанын тексеріңіз.
- 7.** Егер ауыр, дөңес немесе тесігі бар қағаз басып шығарсаңыз, бір мезгілде қолмен беру мүмкіндігін және бір парақ беру мүмкіндігін пайдаланыңыз.
- 8.** Науаның қағаз түріне және өлшеміне дұрыс теңшелгенін тексеріңіз.
- 9.** Басып шығару ортасының ұсынылған спецификацияларда болуын тексеріңіз.

Кіріс науасынан кептелістерді тазалау

Жаңарту процесі аяқталғаннан кейін өнімнің басқару тақтасында **Jam in tray 1 (1-науада кептеліс бар)**. **Clear Jam and press [OK]** (Кептелісті тазалап, [OK] түймесін басыңыз) хабары көрсетіледі.

1. Кіріс науасынан артық қағазды алып тастаңыз.




2. Сканер жинағын көтеріңіз.



3. Жоғарғы қақпағын ашыңыз.



4. Тонер картриджін алып тастаңыз.




5. Кіріс науа аумағында көрінетін барлық кептелген қағазды алыңыз. Қағазды жыртып алмау үшін кептелген қағазды алу үшін екі қолды да пайдаланыңыз.



6. Тонер картриджі аумағынан кептелген қағазды алыңыз.



7. Тонер картриджін қайта салыңыз.



8. Жоғарғы қақпағын жабыңыз.



9. Сканер жинағын түсіріңіз.



Тонер картриджінің аймағындағы кептелісті жою

Жаңарту процесі аяқталған соң өнімнің басқару тақтасында **Jam in cartridge area (Картридж аумағындағы кептеліс)** хабары көрсетіледі.


1. Сканер жинағын көтеріңіз.



2. Жоғарғы қақпағын ашыңыз.




3. Тонер картриджін алып тастаңыз.



4. Тонер картриджі аумағынан кептелген қағазды алыңыз. Қағазды жыртып алмау үшін кептелген қағазды алу үшін екі қолды да пайдаланыңыз.



5. Тонер картриджін қайта салыңыз.



6. Жоғарғы қақпағын жабыңыз.



7. Сканер жинағын түсіріңіз.



Шығыс қалтасындағы кептелістерді жою

Өнімнің басқару тақтасында **Jam in output bin (Шығыс қалтадағы кептеліс)** хабары көрсетіледі.

1. Сканер жинағын көтеріңіз.




2. Жоғарғы қақпағын ашыңыз.



3. Шығыс қалтасының аумағынан кептелген қағазды алыңыз. Қағазды жыртып алмау үшін кептелген қағазды алу үшін екі қолды да пайдаланыңыз.




4. Тонер картриджін алып тастаңыз.



5. Тонер картриджі аумағынан кептелген қағазды алыңыз.



6. Тонер картриджін қайта салыңыз.



7. Жоғарғы қақпағын жабыңыз.




8. Сканер жинағын түсіріңіз.




Құжат бергіштегі кептелген қағазды алу

Өнімнің басқару тақтасында **Jam in the document feeder (Құжат бергіштегі кептеліс)** хабары көрсетіледі.

1. Құжат бергіштің кіріс науасынан артық қағазды алыңыз.
2. Кіріс науа аумағында көрінетін барлық кептелген қағазды алыңыз. Қағазды жыртып алмау үшін кептелген қағазды алу үшін екі қолды да пайдаланыңыз.



3. Құжат бергіштің кіріс науасын көтеріңіз.



4. Құжат бергіштегі кептеліске қол жеткізу қақпағын көтеріңіз.




5. Кептелген қағазды алып тастаңыз.



6. Кептеліске қол жеткізу қақпағын жабыңыз.



7. Құжат бергіштің кіріс науасын жабыңыз.



Баспа сапасын жақсарту

- [Әртүрлі бағдарламалық құралдан басып шығару](#)
- [Баспа тапсырмасы үшін қағаз түрінің параметрін орнатыңыз](#)
- [Тонер картриджінің күйін тексеру](#)
- [Тазалағыш бетті басып шығару](#)
- [Тонер картриджінің зақымданбағанын тексеру](#)
- [Қағаз бен басып шығару ортасын тексеру](#)
- [Үнемдеу режимі параметрлерін тексеру](#)

